


Қамқоршылық кеңес төрағасы
Төлешова.А.С.



Бекітілсін
«Жолшы»бөбекжай- бақшасы»
менгерушісі:
А.Мырзағалиева



«Жолшы»бөбекжай-бақшасының қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 ж жоспары

№	Іс шара тақырыптары	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты	Аяқталу формасы
2.Қамқоршылық кеңесінің отырысы				
1.	№1 отырыс: 1.2023-2024 оқу жылының қамқоршылық кеңесін құру 2.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын,хатшысын сайлау 3.Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.	қыркүйек	Кеңес төрағасы, МДҰ менгерушісі кеңес мүшелері, менгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	Жоспар, хаттама,
2.	№2 отырыс: 1.2023-2024 оқу жылына алынған эксперименттік алаң «Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» бойынша ата-аналардың берер үлесін қарастыру. 2.Балабақашадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасау.	ақпан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, МДҰ менгерушісі, әдіскер, психолог	Шешім, хаттама
3.	№3 отырыс: 1.Оқу жылының қорытындысы. 2.Келесі оқу жылына балабақша ғимаратын дайындау: 3.Балабақша ауласын абаттандыру жұмыстары. Топ ойын алаңдарын жабдықтау.	мамыр	МДҰ менгерушісі, Қамқоршылық кеңестің төрағасы, менгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	Шешім хаттама
4.	№4 отырыс: 1.Балабақша жаңа оқу жылына топтардың дайындығын сараптау, жазғы абаттандыру жұмыстарының есебі.	тамыз	МДҰ менгерушісі, Қамқоршылық кеңестің төрағасы, менгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары	Шешім хаттама

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
бойынша

Бұйрық №26

15.09.2023ж

Ойыл селосы.

Мекемеде қамқоршылық кеңестің мүшелерін сайлау туралы

1. Қзақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының» /жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығы/ негізінде «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-да қамқоршылық кеңестің құрамын сайлау үшін төмендегі тұлғаларды бекітемін:

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Төлешова Ардақ Сүйесінқызы «Ойыл аграрлық колледжінің пән мұғалімі

Мүшелері: Тілектесов Жасұлан Тұрланұлы Ойыл аудандық білім бөлімінің заңгері

Акконисов Елдос Манарбекович «Елдос» шаруа қожалығының басшысы

Дүсінова Гүлнұр Тлеугалиевна Ойыл аудандық мәслихатының аппарат жетекшісі

Жангабулова Айгуль Бериковна Жеке кәсіпкер

Габбасов Қайсар Ергенбайұлы Ойыл аудандық полиция бөлімінің ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы

Асанғалиева Айнара Серикбаевна ПМПК – да музыка жетекшісі

Хатшы: Жоламанова Салтанат Болатовна «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-і әдіскері

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі: А.Мырзағалиева



«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша қамқоршылық кеңес құрамының тізімі

№	Аты-жөні	Мамандығы	Қызметі
1	Асанғалиева Айнара Серикбаевна	Музыкалық білім	ПМПК музыка жетекшісі
2	Толешова Ардақ Сүйесінқызы	«Өсімдік қорғау және карантин»	Ойыл аграрлық колледжі, арнайы пән оқытушысы
3	Дүсіпова Гүлнұр Тлеугалиевна	Құқықтану	Ойыл аудандық мәслихатының аппарат жетекшісі
4	Акконисов Елдос Манарбекович	Жалпы орта	«Елдос» ш/к басшысы
5	Тілектесов Жасұлан Тұрланұлы	Құқықтану	Білім бөлімінің заңгері
6	Жангабулова Айгуль Бериковна	Экономика	ЖК «Aigulina torty uil»
7	Габбасов Қайсар Ергенбайұлы	құқықтану	Ойыл аудандық полиция бөлімінің ЖПКБ учаскелік полиция инспекторы

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК меңгерушісі  А. Мырзағалиева

Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Қатысқаны: 12

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:

- 1.2023-2024 оқу жылының қамқоршылық кеңесін құру
- 2.Қамқоршылық кеңесінің төрағасын,хатшысын сайлау
- 3.Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Тыңдалды.

Отырысты А.Мырзағалиева. «Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК меңгерушісі күн тәртібіндегі **бірінші сұрақ** бойынша, балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды.Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым 2017 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртәбәнәі үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне топтардың ата-аналары сайлану керектігін атап өтті. Жоғарыда атап өткен үлгідегі қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен таныстырып өтті.

1 Төлешова Ардақ Сүйесінқызы–ата-ана ,кеңес төрағасы

Ойыл аграрлық колледжінің пән мұғалімі

2.Тлектесов Жасұлан Тұрланұлы – ата-ана, Ойыл аудандық білім бөлімінің заңгері

3.Дүсіпова Гүлнұр Тлеугалиевна- ата-ана,Ойыл аудандық мәслихатының аппарат жетекшісі

4. Жангабулова Айгуль Бериковна – ата-ана,жеке кәсіпкер

5.Ғаббасов Қайсар Ергенбайұлы– ата-ана,Ойыл аудандық полиция бөлімінің ЖПҚБ учаскелік полиция инспекторы

6.Асанғалиева Айнара Серикбаевна-ата-ана,ПМПК – да музыка жетекшісі.

Екінші сұрақ бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды.Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп,Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Төлешова Ардақ Сүйесінқызы ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскері С.Б.Жоламанова тағайындалды.

Үшінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңесінің жоспары талқыланды.

Меңгеруші А.Мырзағалиева қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді(балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру,балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.


ойларын ортаға салды.

Жылына 4 отырыс өткізіп, ақпан, мамыр, тамыз айларына белгілеп, балабақша 2023-2024 оқу жылдарында қойып отырған мақсаттар мен міндеттерді орындауға атасалысып, қолдау берудің жолдарын қарастыры, эксперименттік алаңның жоспарымен танысу керектігін айтты. Сонымен қатар балалардың тамақтануды ұйымдастыру сапасын бақылау ұсынылды.

Балабақша ғимаратының жағдаймен танысып, жылу жүйесін, жалпы санитарлық жағдайын қарап, бақылауды да жоспарға енгізілді. Балабақша ауласының абаттандыру, ойын алаңдарының балалараға ыңғайлы болуы, жаңаландыру жұмыстарын қарастыру ұсынылды.

ШЕШІМ:

1. Қамқоршылық кеңес жоспарын бекіту.
2. Балабақша меңгерушісіне материалдық-техникалық базаны жағдайын анықтай отырып, жабдықтар, әдістемелер және құралдар т.б қажеттіліктерді шешуге тапсыру.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспарының орындалуына қажетті қаржы іздестіру туралы ұсыныстарын қолдау және қабылдау.
4. Отырыста қабылданған шешімдердің орындалу мерзімі – ағымдағы жылдың тамыз айы.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы  Төлешова.А.С.

хатшы  В.А.Кадирова



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»МКҚК

Ойыл ауданы

« 22» « 02 » 2024 жыл

Қамқоршылық кеңесі отырысының №2 хаттамасы

Қатысқаны: 12

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:

1.2023-2024 оқу жылына алынған эксперименттік алаң «Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» бойынша ата-аналардың берер үлесін қарастыру.

2.Балабақашадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасау.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері эксперименттік алаңның жұмыс жоспарымен таныстырып,жүргізілетін жұмыстың ауқымымен таныстырды.Бұл жерде ата-аналардың тарапынан үлкен қолдау керектігі айтылып,қолдау сұралды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы отырған кеңес мүшелеріне жұмыс барысында әр топтың ата-аналарына жеткізе отырып,бұл эксперименттік алаң балалардың тәрбиесіне өте жақсы құрал,сонымен қатар ата-ананың қызығушылығы баланың елімізге деген сүйіспеншілігін арттыру,табиғат пен жан-жағына деген мейірімін берудегі басты көрініс деп өз ойын толық жеткізіп,қолдау берді.Қамқоршылық кеңес мүшесі Глектесов Жасұлан Тұрланұлы- Ойыл аудандық білім бөлімінің заңгері, бұл алаңның қаншалықты құнды екенін айтып,өз тарапынан қолдау беретінін айтып өтті.

Екінші сұрақ бойынша балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасы туралы медбике Ж.Н.Казбекова онкүндік ас мәзірімен таныстырып,бракераждық журналымен,сонымен қатар күнбе-күнгі тарату мәзірімен таныстырды. Сонымен қатар осы аптада өткен зерделеу жұмысына қатысқан ата-ана,қамқоршылық кеңесінің мүшесі Дүсіпова Гүлнұр Глеугалиевна өз есебін айтты,тексеру барысында тамақтануды ұйымдастыру жұмысы қанағаттанарлық,барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптар орындалып отырғанын, ,орналасуы, азық-түліктің сақталу мерзімі, сынама тағамдарының 48 сағат тоңазытқышта сақталып тұрғанын, дайындау кезеңінде ағымдылықтың сақталуы,асхана ішінің талапқа сай жабдықталғаны айтылып өтті. Дайын астың дәмін,иісін татып көру барысында,ешқандай басқа дәмнің,иістің болмағанына тоқталды. Сонымен қатар балалар нормаға сай тағамдары беріліп отырғанын айтып өтті.

Тағамдар топтарға таратылғаннан кейін, тәрбиешілер әр баланың нормасын тең етіп салып бергенін, 1ші ас,2 ас,салатты,нанын, кептірілген жемістен қайнатылған сусынды да құйып,балалардың алдына қағаз сүрткіштер қойылып,кіші топ балаларының алжапқыштарын тағып үстел басына отырғызылып, уақытылы тағамдарын ішкізді деп,қанағаттанарлық деген бағасын берді.

ШЕШІМ:

- 1.«Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» бойынша ата-аналардың берер үлесін қарастыру. Қалдық материалдардың зиянсыз жағын зерттеп,оны қолдану жолдарын анықтау.Ата-аналарға түсіндіру жұмысын жүргізу.
- 2.Балабақашадағы тамақтануды ұйымдастыру сапасына бақылау жасауды әрі қарай жалғастыру.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы

Төлешова.А.С.

хатшы

В.А.Кадирова



«Жолшы» бөбекжай-бақшасы»МКҚК

Ойыл ауданы

« 25» « 05 » 2024 жыл

Қамқоршылық кеңесі отырысының №3 хаттамасы

Қатысқаны: 12

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:

- 1.Оқу жылының қорытындысы.
- 2.Келесі оқу жылына балабақша ғимаратын дайындау
- 3.Балабақша ауласын абаттандыру жұмыстары.Топ ойын алаңдарын жабдықтау.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша, балабақша меңгерушісі А.Мырзағалиева 2023-2024 оқу жылының қорытындысы туралы баяндама жасады.

Оқу-тәрбие жұмыстары мемлекеттік стандартқа сай жүргізілгені, тәрбиеленушілердің қатысу деңгейі, өткізілген мерекелік және тәрбиелік іс-шаралар, педагогтердің біліктілігін арттыру курстары, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берлді.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Төлешова .А.С:

Кеңес мүшелері ата-аналармен кері байланыс жақсы жолға қойылғанын, балалардың қауіпсіздігі мен тамақтану сапасы қанағаттанарлық деңгейде екенін атап өтті.

Екінші сұрақ бойынша меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Н.Б.Курманғалиева : келесі оқу жылына ғимаратты дайындау жоспарын таныстырды. Атап айтқанда: ағымдағы жөндеу, сырлау жұмыстары, сантехника мен элект жүйелерін тексеру, өрт қауіпсіздігі құралдарын жаңарту, желдету және жылу жүйесін тексеру қажеттілігі анықталы.

Үшінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы Төлешова.А.С: Балабақша ауласын абаттандыру және топтардың алаңдарын жабдықтау бойынша ұсыныстар енгізді.

Ойын құрылғыларын жаңарту, құмсалғыштарды ауыстыру көлеңкелік шатырлар орнату, жасыл желек отырғызу мәселелері қаралды.

ШЕШІМ:

- 1.2023-2024 оқу жылының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар санын көбейту тапсырылсын.

Ойыл ауданы.

« 25» « 08 » 2024 жыл

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 4 хаттамасы

Қатысқандар: 12

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның жаңа оқу жылына топтардың дайындығын сараптау, жазғы абаттандыру жұмыстарының есебі.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі А.Мырзағалиева жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындық барысы туралы баяндама жасады. Барлық топ бөлмелерінде косметикалық жөндеу жұмыстары жүргізілгені, төсек-орын жабдықтары толықтырылғаны, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі тексерілгені айтылды.

Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Н.Б.Курманғалиева: жазғы кезеңде жүргізілген абаттандыру жұмыстары жөнінде есеп берді. Балабақша аумағында сырлау, көгалдандыру, гүл отырғызу, ағаштарды әктеу, құмсалғыштарды жаңарту, ойын алаңдарын ретке келтіру жұмыстары атқарылғаны хабарланды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері топтардың дайындық деңгейін қарап, балалардың қауіпсіздігіне жағдай жасалғанын атап өтті. Ата-аналар тарапынан жаңа ойын құралдарын көбейту және көлеңкелік шатырлар орнату туралы ұсыныстар айтылды.

ШЕШІМ:

1. Балабақша топтарының жаңа оқу жылына дайындығы **қанағаттанарлық** деп танылсын.
2. Жазғы абаттандыру жұмыстарының есебі бекітілсін.
3. Қауіпсіздік талаптарын сақтау тұрақты бақылауға алынсын.
4. Ойын алаңдарын кезең-кезеңімен жаңарту бойынша жоспар жасалсын.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы



Төлешова.А.С.

хатшы

В.А.Кадирова

2.2024-2025 оқу жылына дайындық бойынша жөндеу жұмыстары «01» тамызына дейін аяқталсын. Демеушілер мен ата-аналар қауымдастығын тарту қарастырылсын.

3. Балабақша аумағын абаттандыру бойынша жоспар бекітілсін.

4.Әр топқа қауіпсіз ойын алаңдары кезең-кезеңімен жабдықталсын.

5.Ата-аналар және демеушілер көмегімен сенбілік ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы



Төлешова.А.С.

хатшы

В.А.Кадирова